



Практикада қолдану

1-тапсырма

SketchUp программасының құралдарын пайдаланып, параллелепипед сал:





1. Программаны іске қос.
2. Тиісті шаблонды таңда. Шаблондар ішінен әзірге Простой шаблон-метры командасын таңда.
3. Программа терезесі ашылғаннан кейін Прямоугольник батырмасын шерт. Жұмыс алаңындағы «Сүйеніп тұрған адам» координаталық сызығының басына меңзердің ұшын қойып, тіктөртбұрыш сыз (1-сурет).
4. Тяни/Толкай батырмасын басып, тіктөртбұрышты созу арқылы келесі беттегі көлемді фигураны сыз (2-сурет).



2-тапсырма


Төбесі цилиндр баскиім құрастыр . Оны боя.
Тапсырманы орындау үшін төмендегі әрекеттер ретін қайтала

1. Окружность (Шеңбер) батырмасын таңдап, жұмыс алаңына меңзерді қой. Шеңбер сыз.
2. Контур (Контур) батырмасын таңда. Сызылған шеңбердің ішіне тағы бір шеңбер сызып, бөлекте.
3. Заливка (Құйып бояу) батырмасымен керек түсті таңдап, боя.
4. Тяни/Толкай (Тарту/Итеру) батырмасын таңдап, бөлектенген шеңберді тарт.



Тапсырма 3.

2D және 3D программалардағы құралдардың айырмашылықтарын талдаңдар. Paint графикалық редакторы мен SketchUp программасындағы құралдардың қызметіндегі ұқсастықтар мен 5 айырмашылықты анықтап, салыстырыңдар.



Тапсырма 4. ЖИ Chat gpt құралын қолданып SketchUp программасының құралдарын пайдаланудың мүмкіндіктерін анықта. Программа көмегімен қандай заттардың моделін құрастыруға болады?

A large, empty rectangular area with rounded corners, filled with a light blue color, intended for the user's response to the task.

Тапсырма 5. ФС тапсырмасы


Компьютер бөлмесінде орналасқан заттардың бірін таңдап алыңдар. Осы заттың 3D моделін құрастырыңдар.

Тапсырма 6

«Баспалдақ» моделін құрастыр .


Ол үшін:

1. Прямоугольник (Тіктөртбұрыш).
2. Линия (Сызық).
3. Тяни/Толкай (Тарту/Итеру).
4. Заливка (Құйып бояу) құралдары қажет.



Тапсырма 7

Кірпіштерден қабырғаның бөлігін тұрғыз
Осы тапсырма арқылы объектілерді көшіріп қоюды үйренесің.



Тапсырма 8. Орында



Сілтемеге өтіп
немесе кюар кодты
сканерлеп
тапсырманы орында



Қорытынды сұрақтар:

1. SketchUp программасының құралдары қандай бөліктерден тұрады?
2. Сызу тақтасының қандай құралдары бар? Олардың қызметі қандай?
3. Модификациялық құралдар тобына қандай құралдар жатады?
4. Тяни/Толкай (Тарту/Итеру) құралының қызметі қандай?
5. Окружность (Шеңбер) құралының қызметі қандай?
6. SketchUp программасымен жұмыс істегенде қандай ережелерді сақтау қажет?